

Әлеуметтік экспертиза технологиясы

Жоспар:

- 1. Әлеуметтік экспертиза түсінігі.
- 2. Әлеуметтік экспертизаның мақсаты мен принциптері.
- 3. Әлеуметтік экспертизаны ұйымдастыру

Әлеуметтік экспертиза

- Әлеуметтік

қандай да бір мәселе бойынша әлеуметтік білімді қажет ететін, дәлелді қорытынды ұсынатын зерттеумен түсіндіріледі.

Әлеуметтік экспертиза



әлеуметтік объекті жағдайын диагностикалайды



ақпараттың сенімділігін нақтылайды



әлеуметтік объектілерге ықпалын болжайды



ұсыныстар жасайды

Әлеуметтік сараптаманың 4 функциясы:

1. Диагностикалық функция. Зерттеу сәтінде әлеуметтік объектінің жағдайын куәландыру немесе растау.

2. Ақпараттық қадағалау функциясы. Әлеуметтік объект туралы және оның қоршаған ортасы туралы мағлұматтарды тағайындау және мағлұматтар бұрмаланған болса, тиісті түзетулер мақсатында зерттеу.

3. Болжау функциясы. Әлеуметтік объектінің мүмкін болатын жағдайларын қысқа, орташа және ұзақ жоспарда айқындау және объектінің осы жағдайларға жетуі мүмкін сценарийлерін айқындау.

4. Жобалау функциясы. Әлеуметтік жобалау үшін әлеуметтік объектіні сараптау тақырыбы бойынша ұсыныстар жасау және басқарушылық шешімдер қабылдау

Әлеуметтік экспертизаның мақсаты:

- мемлекеттік билік органдарымен басқа да әлеуметтік институттардың іс-әрекеттерін, азаматтардың мүдделерімен және әлеуметтік саясатының міндеттерімен сәйкестілігін тағайындау.
- сондай-ақ осы сәйкестілікке жетуге қажетті ұсыныстарды қалыптастыру.
- әлеуметтік экспертизаның ол шешетін нақты міндеттерін қалыптастыра отырып, нақты мақсатын анықтайды.

Әлеуметтік экспертизаға қойылатын талаптар:

- адамдардың қызығушылықтары мен күтулеріне сәйкес келу деңгейін анықтауы қажет.
- әлеуметтік экспертиза мақсаты мен міндеті бойынша нақты әрі түсінікті болуы тиіс, олай болмаған жағдайда өзінің тәжірибелік мағынасын жоғалтады.

Әлеуметтік экспертиза субъектілері

I сатыда :

- мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдар (қоғамдық бірлестіктер). Олардың барлығы адам өміріне ықпал ететін нормативтік актілерді қабылдауға шешім шығарады. Сондықтан да олар «шешім қабылдаушы органдар» деп аталады.

II сатыда:

- орындаушы:

- 1) зерттеуші, зерттеу тобы;
- 2) тапсырыс беруші тарапынан тәжірибелік қызмеркерлер, құзыретті тұлғалар;
- 3) референттік беделді топ (мәселемен айналысатын ұйым өкілдері)

Тапсырыс беруші

- Экспертизаны қажет ететін әлеуметтік мәселені, масштабын;
- Экспертизаның мақсатын;
- Экспертиза нәтижесін рәсімдеу түрі анықтап беруі тиіс. Яғни, эксперттерге қандай талап қояды.

Сараптаманы жүргізу туралы шешім қабылдау бұл қарапайым басқарушылық акт болып табылады. Сондықтан да оған бірнеше міндеттер қойылады:

Сараптама жүргізілуіне байланысты орын алып отырған әлеуметтік мәселені анықтау;

Экспертті зерттеудің мақсатын құру

Сараптама нәтижесін ұсыну түріне қойылатын талаптарды айқындау.

Сарапшыларға сараптама беру барысында қорытынды нәтижесі барлық адамдарға және **маман еместерге де түсінікті** болатындай етіп дайындау міндеті қойылады. Бұл міндеттің орындалуы үшін әлеуметтік сараптаманы ұйымдастыру барысында қатысушылар екеу емес (тапсырыс беруші-орындаушы), үшеу (тапсырыс беруші-ұйымдастырушы-орындаушы) болуы тиіс.

- **Әлеуметтік экспертизаның тапсырысының тәртібі шешім қабылдайтын органның әрекеттерінің келесідей бірізділігін күтеді:**
- 1. Мәселенің контурын анықтау. Бұл жағдайда орган экспертиза ретінде немесе айтарлықтай жоғары біліктілікке ие органның шешімін атқарушы ретінде көрінеді. Мәселенің масштабы мен мәнін тапсырыс беруші өз біліктілік деңгейіне сай анықтайды.
- 2. Мәселені зерттеудің тәсілдерін тағайындау және экспертизаның қажеттілігін анықтау.
- 3. Органның біліктіліктеріне сәйкес келетін тапсырыстың бөліктерін қалыптастыру, басқаша айтқанда ол ұйымдық детальдарды елемей отыра мәселені шешуге жататындарды мақсат қою мен экспертті зерттеу формаларын анықтайды. Бұл кезеңде экспертиза туралы шешім әлі қабылданбайды. Тапсырыс беруші әрі қарайғы әрекеттің эстафетасын ұйымдастырушыға береді.

- 4. Міндеттің сипатына байланысты эксперттік зерттеудің моделін таңдау (ұйымдастырушы, атқарушы орган лауазымды жан, мемлекеттік басқару саласының қарамағындағы мекемелер, фирма және т.б.) Ұйымдастырушы экспертизаның кандидатурасын ұсынады. Бизнес-жоспар құрады. Тапсырыс берушіге жоспарланған шараларды ұсынуда өз есебін ғана емес және осы эксперттерді іріктеудің негізін негіздейді. Ешқандай да жағдайда эксперттер тапсырыс берушіге өз біліктілігінің дәлелін таныстырмауы қажет. Оны ұйымдастырушы атқарады.
- 5. Егер тапсырыс беруші ұйымдастырушының ұсыныстарына қанағаттанбаса ол онымен келісімге жеткенге дейін диалог жүргізеді. Ұйымдастырушыны ауыстырады немесе экспертизаны өткізуден бас тартады.
- 6. Ұйымдастырушылық сұрақтарға келіскеннен кейін тапсырыс беруші экспертизаны өткізу туралы шешімді ұйымдастырушының жауапкершілігін тағайындай отырып, ресімдейді. Осылайша эксперт ұйымдарға қатысты орындаушы ретінде көрінеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЭКСПЕРТИЗА МОДЕЛЬДЕРІ

Рецензия – экс.бағалаудың қарапайым түрі

Мониторинг – ұзақ уақыт бойы және үнемі жүргізуді қажет етін болса

Проект – аралас міндеттерді шешуде қолданылады

Әлеуметтік экспертизаның ұйымдастырушылық модельдері

РЕЦЕНЗИЯ

- Рецензияланатын құжатты талдау, экспертті жұмыстың барлық тұстарын қарастырмайды, шынайы ақпаратқа толыққанды қол жеткізе алмауы ықтимал

МОНИТОРИНГ

- Егер ұзақ уақыттық және тұрақты жүргізуді қажет еткенде қолданылады. Мониторинг схемасы құрылады, нәтижесін салыстырады

ЖОБА

- Бұл модель сараптамалық бағалауға негіз болатын мәселелер тобын шешуге бағытталған қажетті әлеуметтік күйлер мен үрдістерді жобалау үшін дайындалады

Сипатына байланысты әлеуметтік экспертизаның түрлері:

1. Басқарушы органдардың нормативтік-әкімшіліктік шешімдерін сараптау
2. Әлеуметтік-психологиялық экспертиза
3. Әлеуметтік-психиатриялық
4. Сот-медициналық экспертиза
5. Медициналық-әлеуметтік экспертиза

Басқарушы органдардың нормативтік- әкімшіліктік шешімдерін сараптау

- билік органдарының шешімдері мен қабылданған нормативтік актілердің әлеуметтік негізделгендігін талдауға;
- expertтік ұсыныстардың орындалуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге;
- жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, әлеуметтік саясат алғышарттарын дайындау технологиясы жетілдіруге мүмкіндік береді. (тұтыну қоржыны, күнкөріс минимумы, адресті әлеуметтік көмек)

Әлеуметтік-психологиялық экспертиза

- Әлеуметтік қарым-қатынас орнатуда қиындықтары бар адамдармен жүргізіледі. Клиенттің нақты қиындықтары айқындау мақсатында әлеуметтік жұмыста жиі қолданылады.

Әлеуметтік-психиатриялық экспертиза

- Девиантты мінез-құлыққа, заң бұзушылыққа бейім адамдармен жүргізіледі. Қоршаған ортаға келтіретін қауіптің алдын алуға немесе іске көмек ретінде жүргізіледі.
- Аталған экспертиза барысында ұйымдасқан қылмыстың көшбасшысы, қылмыстың ұйымдастырылу сценарий сияқты мәселелер айқындалады.

Сот-медициналық экспертиза

Арнайы дайындықтан өткен медициналық эксперттермен жүргізіледі. Зардап шеккен адамның алған зақым көлемі, қайтыс болған жағдайда себебі анықталады.

Сонымен қатар, психолог-эксперттер, психиатрлар және дәрігерлер кешенді жұмыс жүргізеді.

Медициналық-әлеуметтік экспертиза

Клиенттің негізгі өмірлік іс-әрекеттерінің шектеулерін, оның қажеттіліктері мен әлеуметтік қорғалғандығын айқындайды.

Сонымен қатар, медициналық-реабилитациялық жұмыстар, дәрігерлік кеңес беру комиссиясынан өткізу.

- **1. Рецензия-ұйымдастырушылық** жағынан рецензиялау әлеуметтік бағалаудың дәстүрлі формасы. Ол төмендегіден тұрады. Яғни эксперт болатын адамға рецензияға тапсырыс беру. Экспертке рецензиялауға ұсынылатын материалдарды беру.
- **2. Қорытынды құжатты,** рецензияны қабылдау және соған сай әрекет, мақұлдау және рецензентпен қатынастың аяқталуы. Рецензияны қайта өңдеу немесе өңделуін аяқтауға әрекетке қайтару. Басқа экспертке рецензияға қайта тапсырыс беру.

- **Рецензия** - қарапайым және ең азырақ күш кететін эксперттеу. Бірақ ол әлеуметтік жұмыстың барлық артықшылығына ие бола бермейді және шешім қабылдайтын органды істің шын қалпына байланысты немесе құжаттарды өңдеуді аяқтау перспективасында адасуларға әкелуі мүмкін. Осы модельге қатысты оның кемшіліктерін компенсациялаушы нұсқа қарастырылған.
- Рецензияға өзара байланыспаған эксперттерге тапсырыс береді. Мұнда тапсырыс бірқатар талаптардан тұрады. Тіпті сұрақтың қойылуы да эксперттер міндетті түрде жауап беретіндей болады. Рецензияның сапасына қатысты тапсырмада көрсетілген техникалық пункттерден басқа қандай да бір шектеусіз қабылданады. Рецензияның тексттерін алдарына эксперттік міндеттердің өзі қойылмаған, арнайы қарастырылған мамандар құжаттық көздерді өңдеуде қабылданған әлеуметтік әдістермен өңдейді. Эксперттік бағалаулардың өңделуінің қорытындысын экспертті зерттеуді тапсырған, қарастыратын органның экспертизасының ктісі құрайды. Осы модельдің шебінде кеңес беру де қарастырылады. Факторлық жағынан бұл эксперттік түйіннің текстін ұсынусыз рецензиялау.

- **Мониторинг.** Бұл модель әлеуметтік экспертизаны жүргізу ретін сипатқа ие болған жағдайда қолданылады және ұзақ мерзімдік негізде жүзеге асады. Бұл жағдайда эксперттердің келесі жүйесі қолданылуы мүмкін. Шешім қабылдаушы орган мониторинг тәртібінде экспертиза туралы келісімді бекітеді. Соған сай ол экспертизаға тартылатын эксперттің клиенті болады немесе айтарлықтай дұрыс ұйымдастырушылық қатынас схемасы қолданылады. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, орындаушы схемасы.
- Эксперт сол немес басқа уақыттық тәртіпте автоматты қолданылатын стандарттық мониторинг схемасын өңдеп шығарады. Мысалы, шешім қабылдаушы органның қарастырылуына ұсынылатын әрбір сәйкес құқықтық акті немесе әрбір әлеуметтік жоба пайда болған жағдайда немесе квартал сайын әлеуметтік экспертизаны өткізу үшін жаңа сеп болмаған жағдайдың өзінде. Эксперт шешім қабылдайтын органға мониторинг тәртібінде өткізілген зерттеу қорытындылары бойынша стандарттық түрде соған қосма оның алдында жүргізілген сондай тәртіппен алынған нәтижелер мен салыстыру түріндегі зерттеу қорытындысы ұсынылады.

- Мониторинг моделін қолдану егер эксперт болып ғылыми мекеме немесе оның бөлшімдері, қызметкерлерінің кәсібм сапасын немесе әріптестерінің квалификациясы біршама кең көлемді материалға эксперттік бағалауда жоғары сапаға жетуге мүмкіндік беретін жағдайда тиімді болмақ.

Экспертизаның соңғы өнімі

Экс.қорытынды

- Нормативтік актілерді барысында қолданылады (жергілікті немесе мем., айм. деңгейдегі)

Эксперттік бақылау

- Мәселені айқындау мен ұсыныс дайындау барысында қолданылады

Жобалық әзірлеу

- Мәселені шешу жолдары мен ұсыныстары қарастырылады

Экспертиза нәтижесін рәсімдеу

1-ші кезең

- «Өңделмеген» бастапқы материал, келісім талаптарымен сәйкестендірілмеген материал

2-ші кезең

- Қорытынды, талапқа сай өңделген

Әлеуметтік экспертизаның тиімділігі

Стратегияларды таңдауды шектеу

Таңдалған стратегияны өзгерту үшін
қолданы

- Эксперттік зерттеудің бұл моделі эксперттік бағалау қаланатын немесе көзделетін қоғамдық тенденциялар мен қалыптасатын жобалаудың негізі ретінде қолданбалылық мәнге ие болатын жағдайдағы аралас міндеттер тобын шешу жағдайында қолданылады. Ол төмендегілерден тұрады:

- 1. Тапсырыс берушінің мәселенің бар екендігін танып-түсінуі және оны шешуге деген қалауы.
- 2. Тапсырыс берушінің әлеуметтік экспертизаны өткізу міндеттерін ұйымдастырушының алдына қоюы.
- 3. Ұйымдастырушының міндеттерді ойластыруы және шешудің дұрысскелетін ұйымдастырушылық схемасын таңдап алуы. Тапсырыс берушіге бизнес-планды қоса отырып сұраныстарды құрастыруы.

- 4. Ұсыныстарды ұйымдастырушы мен тапсырыс берушінің өңдеулері. Тапсырыс берушінің қаржылық, материалдық-техникалық, ақпаратты қамтамасыз етуге кепілдік беру тәртібіндегі экспертизаны өткізуге қатысты шешім қабылдауы. Сондай-ақ эксперттік бағалауды мақұлдау шартты.
- 5. Ұйымдастырушының экспертті жұмысқа тартуы, міндеттерді қоюы, экспертизаның еңбек жағдайына қатысты келісім және жұмыс қорытындысы бойынша марапаттау. Ұйымдастырушы мен эксперттің келісімге қол қоюы.

- Ұйымдастырушының экспертті қайта құрылымдау үшін шығармашылық міндеттерді шешуде оның резервтерінің ашылуы. Эксперттердің шығармашылық тәртіпте жұмыс істеуі.
- - Шығармашылық жұмыстың нәтижелері түйсіктік органның ерекшеліктеірне сай жасау және интерфейс талаптарына бағытталу. Интерфейс деп пайдаланушыға ақпараттарды оған ұғынықты түрде жеткізуді қамтамасыз ететін құралды айтады. Интерфейс талаптары пайдаланушыға бағытталған оның дұрыс түсінуін қамтамасыз ету.
- - Эксперттің қорытындыларын қайта өңдеу. Ақпараттарды жинақтау және қорытындыларды жүйелеу.
- - Ұйымдық эксперттен алған нәтижелерін қолданатын интерфейске сай өңдеу. Сондай-ақ жұмысқа тапсырыс берушіде қабылданған интерфейс талаптарына сай текстерді қайта түзеуге маманды тату.
- - Экспертизаның қорытындысын тапсырыс берушіге ұсыну. Тапсырыс беруші мен ұйымдастырушының қатынасының аяқталуы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жиенбекова А.А., Дарибаева Р.Д., Төлегенова К.К. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары.- А., 2014ж.
2. Технологии социальной работы в различных сферах жизнедеятельности. Учебное пособие//Под.ред. П.Д.Павленка.- М.: ИНФРА-М,2017.
3. Сарыбаева И.С. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары: Оқу құралы. Қазақ университеті, Алматы 2013ж.